



САДЫҚОВ ОҚУЛАРЫ – V
«ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН
ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»



САДЫКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – V
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ
НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ»

I-том

Алматы, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ



САДЫҚОВ ОҚУЛАРЫ – V
«ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

САДЫКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – V
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ
НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ»

Том-I

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Токмұхамед Сәлменұлы Садықовтың 80 жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.

Материалы Международной научно-практической конференции,
посвящённые 80-летию со дня рождения академика НАН РК, д.и.н., профессора
Токмухамеда Сальменовича Садыкова



УДК 378
ББК 74.58
С 15

Главный редактор

Балыкбаев Т.О.

Ректор Казахского национального педагогического
университета им. Абая, академика НАН РК,
доктор педагогических наук, профессор

Редакционная коллегия:

Первый проректор КазНПУ им. Абая, д.ф.-м.н., профессор **М.А. Бектемесов**; Проректора КазНПУ им. Абая: д.ф.н., профессор **А.Т. Кулсариева**; к.п.н., профессор **Ж.Е. Ишпекбаев**; Директор Института Сорбонна-Казахстан, д.ю.н., профессор **А.А. Сабитова**; заведующий кафедрой педагогики ЮНЕСКО, профессор **Г.Я. Селютин**; д.п.н., профессор, заведующая кафедрой методики преподавания математики, физики и информатики КазНПУ им. Абая **А.Е. Абылкасымова**; т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, Тарих және құқық институтының директоры **Жумагулов Б.С.**; д.п.н., профессор, заведующая кафедрой педагогики **Жампеисова К.К.**; зав. кафедрой международного права, д.ю.н., профессор **С.Н. Сабикенов**; зав. кафедрой международных отношений, д.и.н., профессор **Н.Ш. Жамансарин**; зав. кафедрой «Экономические дисциплины», к.э.н., доцент **Ж.К. Закиева**; к.п.н., доцент **Т.Е. Жабелова**, д.ф.н., ассоц. профессор **Ш.А. Сабитова**.

Редакционные секретари: **Орумбаева М.С., Акпаева А.М.**

С 15 **Актуальные проблемы науки и образования на современном этапе: материалы Международной научно-практической конференции / Том-I.** – Алматы: КазНПУ имени Абая, издательство «Ұлағат», 2018 г. – 344 с.

ISBN 978-601-232-687-1

Бұл жинақта Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Токмұхамед Сәлменұлы Садықовтың 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинақталған.

В данном сборнике собраны материалы международной научно-практической конференции, посвящённой 80-летию со дня рождения академика Национальной академии наук Республики Казахстан, доктора исторических наук, профессора Токмухамеда Сальменовича Садыкова.

ISBN 978-601-232-687-1

УДК 378
ББК 74.58

Ответственность за стиль, орфографию и содержание статей несут авторы.



© КазНПУ имени Абая, издательство «Ұлағат», 2018 г.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ (XX ғ.)

Ш.Т. Нұрман

Т.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала жоғары оқу орындарындағы ғылыми ізденістердің маңызын, ғылыми мектептер қалыптастыру дәстүрін қарастырады. Абай университетінің тек жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны ғана емес қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталық екенін көрсетеді. Автор шәкірттері арқылы өз ғылыми мектептерін қалыптастырған қабырғалы ірі ғалымдар туралы мәлімет береді. Қазіргі жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу орталықтарының мақсат-міндеттеріне тоқталады. Солардың қатарында «Айтылған тарих» орталығының университетте атқарып отырған жұмыстарына талдау жасалып, бағамдалады. Тарихи зерттеулердің отандық тарихнамадағы жаңа әдістері, тарих деректерінің цифрлық технологиялар замандағы ерекшелігі талданады. Осы ретте жеке деректердің ұжымдық және салалық тарихты, ғылыми мектептер тарихын зерттеудегі ролі сарапталады.

Кілт сөздер: Қазақстан, ғылыми мектептер, жеке деректер, естеліктер, сұқбаттар

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагог кадрлар даярлайтын жетекші жоғары оқу орны ретінде 90 жыл бойы елімізге қызмет етіп келеді. Сонау 1928 жылдың 1 қазанында Алматы қаласында университет мәртебесін алған оқу орнының ашылу салтанаты өткені белгілі. Сол салтанатта қазақтың ұлы ғалымы және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы білім мен ғылымның қазақ елінің тағдырындағы алатын орнын «ұлтты басқа жұртқа тәуелділіктен құтқаратын, оны басқа мәдениеттермен тең ете алатын жалғыз жол ол мәдениет, білім мен ғылым жолы» деп атап көрсетеді [1].

Осынау 90 жылдың ішінде Абай университеті тек жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны ғана емес қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталыққа да айналды. Өзіндік дәстүрі, көп буынды жалғастырушылары бар ғылыми мектептерін қалыптастырған қабырғалы ірі ғалымдар дәріс берді. Көптеген педагог-ғалымдар ғылыми ізденістерін оқу процесімен қатар жүргізді. Себебі, оқытудың жаңа әдістері ғылыммен тығыз байланыста пайда болады.

Сондай ғалым ретінде де, ұстаз ретінде өз ғылыми мектебін қалыптастырған университеттің танымал ұстазы - Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев. Отан тарихы ғылымында болып жатқан методологиялық өзгерістерді жетілдіре түсу жолында оның ұсынысы бойынша 2012 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жанынан «Айтылған тарих» ғылыми зерттеу орталығы ұйымдастырылды. Орталықтың ұйымдастырылуы «жаңа әлеуметтік тарих» аясындағы айтылған тарих және күнделікті тарих аталатын бағыттарды өрістету арқылы зерттеудің тың технологиялық әдіс-құралдарына жол ашу болып табылды.

М. Қойгелдиев орталықтың негізгі міндеттерінің бірі ретінде өңір тарихын, тұлғалар тағдырын халыққа таныту және тарату деп қарастырады. Осы мақсатта еліміздің түрлі аймақтарында ғылыми конференциялар өткізу туралы ұсыныс түсіріп, оларды өткізуге жетекшілік жасады. Астана, Алматы, Орал, Ақтөбе, Арқалық, Өскемен, Қарағанды, Талдықорған, Балқаш Шымкент және Қызылорда қалаларында, Алматы облысының Жамбыл, Көксу, Ескелді, Райымбек және Панфилов (Жаркент) аудандарында, Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарында, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында және Алматы қаласының Алатау ауданындағы «Шаңырақ» ықшамауданында экспедициялар шығарып, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Осы атқарылған ғылыми жұмыстардың нәтижесінде 2012 жылы «Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы (XX ғ.). Тарих айту дәстүрі. I-шығарылым: Алматы облысының Көксу, Ескелді және Панфилов аудандары тұрғындарының жадында сақталған тарихтан (ауызша тарих)» атты ғылыми кітап жарияланды. «Алғашқы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарихынан (оқу орнын бітірушілер мен оқытушыларының еңбектері мен естеліктерінде)» атты ғылыми кітап (2013) жарық көрді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А. Байтұрсынов атындағы Тіл білім институты, А. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты мен Д. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтының ғалымдарының ғылыми лабораториясына және тағдырына арналған «Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат» атты ғылыми басылым (2014) және т.б. жарияланды.

Орталық атқарып отырған көп ізденістерінің бірі кешегі кеңестік қоғам туралы біржақты емес, объективті түсінік қалыптастыру, осы қатарда ғалымдар тағдыры арқылы отандық ғылымның ақтандақтарын ашу, оның кешегісін бүтіндеу және болашағын болжау, елдік мүдденің ғылымдағы орнын айқындау міндеті болып табылады.

Тарих деректерінің жаңа сапалық түрін қалыптастыру жұмысын «Айтылған тарих» орталығы жүргізу үстінде.

Жеке деректер – күнделіктер, хаттар, мемуарлар және естеліктерден тұратын жазба деректердің түрі. Бұл деректердің өзіндік ерекшеліктеріне, субъективтілігіне көңіл бөлу қажет. Солардың қатарында, естеліктер өткен оқиғаны тізбектеп шығу ғана емес, бұл жеке тұлғаның өмірі мен заманы туралы сыры, толғанысы, ақталуы, ой бөлісуі. Естеліктердің субъективтілігі оның тарих дерегі ретіндегі маңызын арттыра түседі. Себебі олар сол заманның «рухын», көңіл-күйін танып-білуге көмектесетін бірден-бір құрал. Әсіресе, ресми құжаттарда кездеспейтін ақпаратты алуға, ғылым қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы белгісіз мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда мұндай жеке деректерді айтылған тарих саласы сапалы түрде жинақтауға және ғылыми айналымға енгізуге жол ашады. Бұл заман куәгерлерінің естеліктері мен дауыстарын жинаудың, сақтаудың және талдаудың жаңа әдісі. Естеліктерді аудио-таспаларға жазудан бастап, цифрлық технологияларды қатар қолдануға қол жеткізеді. Айтылған тарих зерттеудің жаңа сапалық процесін білдіреді. Ол жеке деректерге, осы ретте жеке сұқбатқа негізделеді және жеке адамның өмір тәжірибесін, оның мазмұнын және байланысын қалай түсінетінін ашып көрсетеді. Ауызша тарих жаңа түпнұсқалық деректер қатарына жататын тарихи құжаттар аудио- және/немесе видеожазбалар жасайды және олар зерттеулерді жалғастыруға мұрындық болады.

Бұл жөнінен шетелдік зерттеушілердің мол тәжірибесі бар. Атап айтсақ, Америка және Европа ауызша тарих зерттеушілері тарихи зерттеулердің көптеген салаларында мұндай тың деректердің атқаратын ролін орынды жоғары бағалайтынын көрсеттік. Олар Роберт Хармс, Кристофер Сторм-Кларк және т.б. Ауызша деректердің аса бағалы екендігін Аллан Невинс те көпке танымал еңбегі арқылы дәлелдеді. Ол Генри Фордтың өмірбаяны арқылы автомобиль саласының қалыптасу барысын, оның ерекшеліктерін, осындай ірі жаңашылдардың жұмыс істеу тәсілдерін керемет ашқан деп ойлаймыз. Невинстің бұл туындысын «әлеуметтік-салалық биография» деп бағалаған белгілі ғалымдар айтылған деректер басқа құжаттармен салыстырғанда Фордтың өмір тәжірибесін айшықтап көрсетті деп есептейді[2].

Отандық тарихнаманың қазіргі бағыты айтылған тарихты шетелдік тәжірибелерді қорытып және ұлттық тарихтану дәстүрін ұштастырып қолданысқа алу деп білеміз. Және де сол тәжірибе көрсетіп отырғандай жеке тұлғалар өмірін, ұжымдық (ғылым салалары ішілік) өмірді зерттеуде бұл бағыт маңызды нәтижелер береді.

Естеліктер жинаудың бір түрі – сұқбат. Сұқбат алумен қатар сұқбаттарды жариялау да маңызды. Сұқбат алушы мен берушінің диалогы түрінде, яғни сұрақ-жауап формасында болатыны аян. Мұндай жарияланымдардың ақпараттық кеңістікте алуан түрлісі бар. Көп кездесетін түрлері - түпнұсқалық материалдар түрінде жарияланғандары, екіншісі редакцияланған материалдар түріндегі жарияланымдар. Зерттеушілер бұл екеуінің де өзіндік кемшіліктері мен жетістіктері бар екенін көрсетеді.

Біріншісіне, түпнұсқалық-сұқбат диалогтарды жариялауға тоқталсақ. Жарияланымның ғалымдар мен зерттеушілерге бағытталған түрі транскрибацияланған мәтіннің түпнұсқамен максималды түрде жақын болып келеді, яғни өзгеріссіз жасалатын жарияланымдар десек болады. Мұндай нұсқаларда оригиналға тән тарихи, лингвистикалық, психологиялық және антропологиялық мәліметтер кешендігі, тұтастығы сақталады. Бұл - оның артықшылығы. Ал оның кемшілігі, мұндай мәтіндерді қабылдау қиындығы бар. Артық сөздер, дыбыстар, тақырыптан ауытқу, түсініксіз сөйлеу, ақпарат берушінің диалектілерді қолдануы т.с.с. Сол себепті қазіргі күні мәтінмен қатар, аудио-видео жазбалар да қатар беріледі.

Екіншісі, сұқбаттардың үзінділері, яғни редакцияланған, қысқартылған сұқбаттар және іріктелген үзінді сұқбат немесе қысқа сұқбат. Мұндай айтылған тарих материалдарының жинақтары негізінен көпшілік аудиторияға арналып жарияланады. Бұл үзінділер толық сұқбаттардың мазмұнды деп іріктелген бөліктері ғана болып табылады. Аталмыш нұсқадағы басылымдар мәтін мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді. Мұндай жарияланымдар белгілі тақырып төңірегіндегі сұрақтар мен олардың жауаптары ретінде басылады. Және де осы сұрақтар өзге де сұқбат берушілерге қайталанып қойылып отырады. Сонымен қатар әңгіменің жүру ауанына, жағдайына қарап сұрақтағы ойдың тұжырымдалуы өзгеріп отыруы мүмкін. Сұқбат үзінділерін жариялау дегеніміз тек оларды қысқарту немесе редакциялау ғана емес, тақырыпқа қатысты сұқбат бөліктерін белгілі бір тәртіппен іріктеп жинақтауды да қамтиды. Әсіресе, этнографтар мен фольклористер осындай тәсілді кең қолданады. Жиналған барлық материалдарды тақырыптарға шашып тастап, сосын бір тақырып немесе ой төңірегінде айтылғандарды

әңгіменің басында, ортасында не соңында орналасқанына қарамай мазмұндық сипатына қарай сұрыптап біріктіреді. Мысалы, егер респондент балалық шағы туралы әңгімесінің басында айтып, сосын басқа тақырыпқа ауысып, ортасында балалық шағы туралы әңгімеге қайта ойысса және т.с.с., оның балалық шағы туралы барлық айтқандары модельденіп біріктіріледі.

Көптеген қазіргі жарияланып жүрген естеліктер жинағы осы ұстаныммен іріктеліп жүр. Оған шетелдік және отандық осындай жарияланымдардан мысал келтіруге болады. Ресейдің Европа университеті Йоенсуу университетімен біріккен 2000-2003 жылдардағы дала экспедициясының материалдарын, яғни сұқбаттарын үзінділерге бөліп, тақырыптарға біріктіріп жариялады. Тақырыптық сұқбаттар үзінділері диалог формасында берілді.[3]

Бірқатар зерттеушілер жарияланымның мұндай тәсілін «жергілікті ауызша дәстүрмен» байланыстырады. Не болмаса оны «жергілікті тұрғындардың ауызша репертуары» деп те атайды. Яғни, бір өңірдің адамдарының ортақ тағдыры мен ортақ өмір жолы бар. Олардың осы тарихи тағдырларының негізгі кезеңдері және оның мазмұны жарияланымның да тақырыбын және құрылымын анықтайды. Мысалы, жаңа жерге қоныс аударылғандарға ортақ тақырыптар көші-қон тарихы, жаңа жерді игеру және жаңа жағдайға бейімделу барысы, олардың бір-бірімен және жергіліктілермен қарым-қатынасы, әлеуметтік қызмет көрсету және рухани мәселелер және т.с.с. Мәселен, Карелия тұрғындарының айтылған деректері бойынша жарық көрген жинақ. [4]

Сонымен, жеке деректерде тұлғаның өзін танып-білуі (бірегейлігі), өмірлік тәжірибесі, жеке қасиеттері, көзқарастары, басынан өткен оқиғалары, қоршаған ортасы мен қоғамдағы оқиғаларға қарым-қатынасы анықталады. Жеке деректер ұжымдық өмірді, яғни ғылыми мектептер мен салалық ғылым бағыттарының қалыптасуын сол сала өкілдерінің өздерінің куәлік етуімен және жылдар өте келе сол оқиғаларға, әрекеттерге берген бағалары үшін де құнды тарихи дерек деп білеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қойгелдиев М.Қ. Еліміздің алғашқы эзоғары оқу орнына – 90 жыл \ Егемен Қазақстан газетінің сайты: <https://www.egemen.kz/article/166139-elimizdin-alghashqy-zhoghary-oqu-ornyna-90-zhyl>

2 Allan Nevins, Ford (New York, 1954-62).

3 Граница и люди. Воспоминания современных переселенцев Приладожской Карелии, Карельского перешейка / ред. Е. А. Мельникова. — СПб., 2005

4 Устная история в Карелии: Сборник научных статей и источников. Вып. I / Науч. ред. А. В. Голубев, А. Ю. Осипов. – Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 2006.

СПЕЦИФИКА ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЙ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Нұрманбетқызы Ж.

к.и.н., профессор, заведующая кафедрой методики преподавания истории и общественных дисциплин
Институт истории и права. Казахский национальный педагогический университет имени Абая.

Даулбаев Т.Ф.

к.полит.н., старший преподаватель кафедры методики преподавания истории и общественных дисциплин Институт истории и права,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Республика Казахстан

Одним из направлений модернизации современного казахстанского образования является модернизация системы оценки уровня и качества освоения обучающимися учебных программ. Однако реализация данного направления неизменно ставит перед педагогами вопросы объективного оценивания учебных достижений. В Республике Казахстан успешно реализуется Концепция внедрения системы критериального оценивания учебных достижений учащихся Автономной Организации Образования «Назарбаев Интеллектуальные школы». Использование критериального оценивания позволяет: оценивать три группы образовательных результатов: предметные, личностные, метапредметные (регулятивных, коммуникативных и познавательных универсальных учебных действий); осуществлять системно-деятельностный подход к оценке образовательных достижений; реализовывать инновационное содержание современных УМК по истории и предметам гуманитарного цикла; определять в динамике степень соответствия целей, поставленных перед учеником и достигнутых результатов; создавать условия

Абдугулова Б. К. Рухани жаңғыру жағдайындағы жанартылған тарихи білім мазмұны мен әдістемелік нысандары.....	188
Адилова Ф.А. XIX ғ. Аяғындығы мектеп және медреселерде білім беру жүйесінің қысымшылыққа ұшырауы.....	192
Ашербекова А.М. Ахмет Жанталиннің ағартушылық қызметі.....	195
Әзіретбергенова Э.Ж. С.Лапиннің шығармашылық мұрасы.....	198
Бакирова Ж.С. Мемлекет қайраткері ғалым, Кенжеәлі Аймановтың өмір жолы және оның Қазақстан оқу ағарту ісіне қосқан үлесі.....	202
Белоус С.Г. Применение технологии проблемного обучения на уроках истории Казахстана как фактор формирования познавательной активности школьников.....	204
Берлібаев Б.Т. Қазақстандағы ұлттық тарихи білімді орнықтырудың халықпен санасу әдісі.....	208
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. Реализация программы «Рухани жаңғыру» в системе исторического образования.....	214
Бимолданова А. Казахские волостные управители на страницах региональной печати в конце XIX начале XX века.....	217
Далаева Т.Т. Междисциплинарный характер изучения идентичности в современных исторических исследованиях.....	220
Жалмагамбетов Е.А., Бижанова С.А. Кызылорда қаласының білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы.....	222
Жангуттин Б. Голод и смертность как повседневность в годы войны 1941-1945 гг. в Казахстане	225
Жұмағұлов Б.С. Рухани жаңғыру және азаттық рухына айналған қала.....	228
Жұмағұлов Б.С. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері және оның зерттелуі (XX ғ. 20-30 жылдары).....	234
Калиева Е.Т. Абдиманапова А.Т. Миф құбылысы – өткенді түсіндірудің бір формасы ретінде	240
Калыбекова М.Ч. Депортация народов по документам государственных и ведомственных архивов Республики Казахстан.....	243
Карибжанова Е.А. Роль передовой казахской интеллигенции в области просветительства и просвещения казахского народа.....	247
Кудайбергенова Ж.А. Исследования миграционных процессов в Казахстане в конце XIX – начале XX вв. в дореволюционной историографии.....	252
Махаева А.Ш. Ағартушылық тарихындағы жәдидшілдік: қалыптасуы мен даму ерекшелігі.....	257
Меңілібаев Ғ.А. Біз – ұлы дала еліміз!.....	260
Минбаева С. Древняя книга жизни: историческое познание культуры.....	263
Мукатова Д.М. XIX ғасырдың I ширегіндегі орыс-қытай талас-тартысындағы Жетісу.....	265
Муратқазин М. 1900-1940 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы оқу орындарының қалыптасу алғышарттары мен білім беру ісінің дамуы.....	268
Мырзатаева З.Б., Байсалбаева Т.М. Тарихи зерттеулердегі жаңа технология: Айтылған тарих әдісі негізінде.....	271
Нұрман Ш.Т. Жеке деректердің Қазақстандағы ғылыми мектептерді зерттеудегі ерекшелігі (XX ғ.).....	275
Нұрманбетқызы Ж., Даулбаев Т.Ф. Специфика применения технологий критериального оценивания на уроках истории.....	277
Нұрпейіс Т.Ә. С.Ж. Асфендияровтың отаршылдық тарихты зерттеуге қосқан үлесі.....	281
Нұрпейіс Т.Ә. Қазақстандағы 1867-1868 жж. реформалар бойынша орыс отаршылдығының сорақы саясаты.....	283
Оразов Р.Е. Сыздық сұлтанның Ташкент қаласын қорғаудағы қолбасшылық рөлі.....	287
Сайфулмаликова С.С. Тарихи білім берудегі 1916 жылғы көтерілістің теориялық аспектілері	291
Тілеубаев Ш. 1916 жыл: Ұлттық бірегейлік жолындағы күрес айтылған тарих деректерінде.....	295
Тілеубергенов Е.М. Түркістан өлкесі: 1916 жылғы көтерілістің зардаптары.....	300
Тоқтабай А. Өзбекстан қазақтарының тарихи және киелі жерлері айтылған тарих мәліметтері бойынша.....	305
Тулбасиева С. XX ғ. 20-30 жж. қырғыз (қазақ) АКСР-і кезеңінде білім алу жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихына шолу.....	311